# Сыр бойы

4 ақпан сейсенбі | 2014 жыл | №17 (18711) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz




**ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ресми сапармен Нидерланды Корольдігіне барады. Бұл туралы кеше Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрі Франс Тиммерманспен кездесуі барысында Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов мәлім етті.**

ПРЕЗИДЕНТ

## НИДЕРЛАНДЫ КОРОЛЬДІГІНЕ САПАР

«Қазақстан мен Нидерланды жаһандық қауіпсіздікті, ядролық қаруды таратпауды қолдайды. 2014 жылы наурызда Гаагада Ядролық қауіпсіздік саммиті өтеді. Біздің Президент аталмыш саммиттің белсенді қатысушысы. Алғашқы саммиттер Вашингтон және Сеулде өткен болатын, үшінші саммит Гаага қаласында болмақ және Елбасы бұл жиынның белсенді қатысушысы ретінде тіркелген. Мемлекет басшысының Гаагаға сапары екі сипатта болмақ: екіжақты ресми сапар және Жаһандық саммитке қатысу», – деді министр.

## ЕЛБАСЫНЫҢ АТЫНА КЕЛІП ТҮСКЕН ХАТТАР

**Мемлекет басшысының ел халқына «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауына байланысты Елбасының атына көптеген хаттар мен жеделхаттар келіп түсті.**

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметінен хабарлады.

Еңбек ұжымдарының, ғылыми және мәдени, іскер топтардың, Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерінен, сондай-ақ шетелдік азаматтардан келіп түскен хаттарда Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауына жан-жақты қолдау көрсетіліп, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға үнемі көңіл бөлініп отыратыны үшін алғыс білдірілген.



**Биыл «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің 157 шақырымы пайдалануға беріледі. Бұл туралы кеше ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде ведомство басшысы Асқар Жұмағалиев мәлім етті.**

ҮКІМЕТ

## ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДІҢ БОЙЫНДАҒЫ ҚАРҚЫН

«Былтырғы жылы біз жоспарға сәйкес «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің 806 шақырымын тиісті жағдайға келтіріп, автобанды реконструкциялап, оны тікелей пайдалану үшін беруге тиіс болатынбыз. Біз осы жоспарды толығымен орындадық, аталмыш автожолдың 812 шақырымы өткен жылы пайдалануға беріліп, онымен қозғалыстар жүзеге асып жатыр. Ал жоспарға сәйкес, биылғы жылы біз осы халықаралық автодәліздің 157 шақырымын автокөлік қозғалысы үшін ұсынатын боламыз», – деді ол.

Оның айтуынша, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізін аяқтап, толығымен пайдалануға беру 2015 жылға жоспарланып отыр.

КЕҢЕС

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ «ЖОЛ КАРТАСЫ»

**Кеше облыс әкімі жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің кезектен тыс отырысы болып өтті. Басқосуға аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев төрағалық жасады.**

Елбасы биылғы Жолдауында шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің 50 пайызын өндіру тиістігін алдымызға мақсат етіп қойғаны белгілі. Жиынды ашқан облыс басшысы кеңес мүшелеріне аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының өткен жылғы қорытындыларын қысқаша баян етті. Облыс даму қарқыны бойынша 2-орынға тұрақтаса, салық жинау бойынша аймақтар арасында 4-орынға табан тіреді. Әсіресе, өңдеу саласында ілгерілеушілік бар. Ол жыл соңында 19,3 пайызды құрады. Инвестиция тарту 2,6 есеге өсіп, 140 пайызды құрап отыр.

Мұнан соң кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Тельман Сүлейменов хабарлама жасап, биылғы жылы атқарылатын жұмыстарды таркатты. Оның айтуынша, алдымен кәсіпкерлер санын арттыру көзделіп отыр. Жуырда облыс әкімінің өкімімен жұмыс тобы құрылып, Арал ауданының 12 елді мекенін аралап шығыпты. Сапар мақсаты – көлеңкелі бизнесті жою, сондай-ақ, ауылдағы кәсіпкерліктің тіркелуіне жағдай жасау. Алайда, елде тіркелмеген кәсіпкерлер қатары әлі де бар.

Нақты кезеңде облыс орталығында өнеркәсіп аланы және индустриялық алаң құрылды. Мұндай алаңдар Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарында жасақталуда. Басты жаңалық – аталған басқарма жанынан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған арнайы құрылым құрылады. Бұл жаңа құрылым өз кәсібін ашамын деген ынталы азаматтар мен кәсіпкерлердің жобаларына тікелей бюджеттік қаржыландыру, техника-экономикалық негіздеме жасау және жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу бойынша көмек көрсетеді.

Өңірлік кәсіпкерлік палатасының жұмысы туралы аталған ұйымның төрағасы А.Махамбетов, кәсіп иелеріне арналған оқу-тренингтік семинарлар ұйымдастыру жөнінде кеңес мүшесі Е.Раймов, сондай-ақ «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің бойында кәсіпкерлікті дамыту бойынша кеңес мүшесі М.Тілеулиев ойларын ортаға салды. Ал, облыстық статистика департаментінің басшысы Бақыт Сапар бизнес иелерін шынайы мәлімет беруге шақырды. Жиында мемлекеттік сатып алу конкурстарын мезгілінде өткізу, кәсіпкерлікке жаңа көзқарас қалыптастыру, көлденең кедергілерді бірлесіп жою төңірегіндегі мәселелер де айтылды.

Кеңес жұмысын қорытындылаған аймақ басшысы саланы дамытуға арналған «Жол картасы» бағдарламасына ұсыныстар енгізуді, сонымен қатар кеңестің келесі отырысына нақты жобалар шығаруды өз орынбасары Ғалым Әміреевке тапсырды.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

## АУЫЛДЫҚТАРДЫҢ АРМАНЫН АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫРҒАН «АҚНИЕТ»

**Өткен жылы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен «Ақниет» әлеуметтік серіктестік бағдарламасы қолға алынған болатын. Бүгінде «ЛУКОЙЛ Оверсиз Сервис БВ» компаниясының жетекшілігімен іске қосылған бағдарламаның алғашқы жеңімпаздары өз кәсіптерін ашып, қалаған жұмыстарымен айналысуда.**

Пилоттық жоба болғандықтан аталған бағдарлама былтыр тек үш ауданды, атап айтқанда, Қармақшы, Жалағаш және Сырдарияны ғана қамтығаны белгілі. Бағдарлама ауылдың тұрмыстық инфрақұрылымының жақсаруына, әлеуметтік осал топ арасында тұрғындардың жұмыспен қамтылуына, жалпы, өндірістік аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуында ұзақмерзімді оң өзгерістердің қалыптасуына көмектесуге бағытталған. Мақсаты ауылды дамытуға және әлеуметтік мәні бар үздік жобаларды қолдау мен оларды анықтау, ауыл тұрғындарының әлеуетін дамытуды ынталандыру, жаңа жұмыс орындарын құруға атсалысу болып табылады. Осы орайда байқауға мүмкіндігі шектеулі жандар, жалғызбасты аналар, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылар мен 18-ден 30 жасқа дейінгі жастар қатыстырылды. Бағдарлама аясында «Әлеуметтік кәсіпкер», «Жаңалық», «Қолөнер», «Қамқор», «Бастама» және «Игілік» номинациялары белгіленген.





Айта кету керек, 2007 жылы Қырымбек Елеуұлы Маңғыстау облысының әкімі болып тұрғанында «Лукойл» компаниясымен бірлесе «Арай» бағдарламасын аталған өңірде жүзеге асырған болатын. Сөйтіп, қаншама қарапайым жандардың өздері қалаған кәсібін ашуына тікелей себепші болған еді. Сонын нәтижесінде аймақта шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік туды. Сол тамаша тәжірибені көреген басшы өзімен бірге Сыр өңіріне әкелді. Бағдарламаны үйлестіруші мамандардың айтуынша, байқау барысында ауыл тұрғындарының белсенділігі жоғары болған. 1500-ден астам өтініш түскен. Соның 77-сі қолдау тауып, грантқа ие болды. Байқау нәтижесінде аймақта 17 шаштараз, 5 тұрмыстық техниканы жөндеу сервисі, 10 тігін, кондитерлік цехы мен наубайхана, стоматологиялық кабинет, балалар ойын-сауық кешені, музыкалық мектеп пен балабақша, өзге де бірқатар әлеуметтік жұмыс орындары ашылып, бүгінде халыққа қызмет көрсетуде.

2-бет

ҚЫС ҚАРЕКЕТІ

## ҚАР ТАЗАЛАУДА ІРКІЛІС ЖОҚ

**«Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды» дегендей, Жылан жылының қысы қызылордалықтарды айтудай-ақ әбігерге салуда. Аймаққа қар жылдағыға қарағанда кеш, яғни, желтоқсан айының соңына таман түсті десек те, кейде екі-үш күн қатарынан толассыз қар жауып тұрған кездер жиі қайталанды. Облыс орталығын осынау сіреу қардан тазарту жұмыстары «Қала тазалығы» ЖШС-ның үлесінде қалып отыр.**

**Газет тілшісі аталмыш құрылым директорының орынбасары Сейдалы Егембергеновпен тілдескен еді.**



*– Сейдалы Маханбетиярұлы, сіздердің серіктестік қала тазалығына жауапты болғандықтан, қардан тазалауға да жауапты боларсыздар?*

– Әрине! Жасыратыны жоқ, биылғы қыс өте қиын болып тұр. Көп жылдардан бері болмаған жағдай туындап, қар артық мөлшерде жауып жатыр. Бірақ табиғаттың тосын мінезіне мойынсынбай мекеме қызметкерлері үздіксіз жұмыс жасап, қар басқан жерлерді уақытылы аршып отырды. Әсіресе, соңғы аптада жауған қар біршама қиындықтар келтіруде.

*– Жұмысты атқару үшін техника сай болуы керек қой...*

– Дұрыс айтасыз. Бұрынғы жылдары қар тазалау алты-жеті техниканың күшімен атқарылса, өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен арнайы техникалар алынған болатын. Қазіргі таңда қосымша алынған 34 техника бекітілген кесте бойынша тиісті жұмыстарды атқаруда. Сонымен қатар қала тазалығымен айналысып, тұрмыстық қатты қалдықтарды таситын арнайы көліктер жұмыс уақыты аяқталған соң кешкі мезгілден түн ортасына дейін көше бойына үйілген қарларды қала сыртына тиеп шығаруда.

*– Жаяу жүргіншілер мен аулаішілік жолдарды тазалау кімнің үлесінде?*

– Негізінде көшені қардан тазалау қарқынды жүргізілгенімен, жаяу жүргіншілер мен аулаішілік жолдарды тазалау қиын болуда. Өйткені, бір қар, бір жаңбыр соңы аязға ұласып, олар көктайғаққа айналған. Оны арнайы техникалармен тазалау мүмкін болмағандықтан бұл жұмыстар қолмен атқарылуда. Сондай-ақ ол жолдарға құм, тұз себілуде.

*– Қол жұмысын атқарушылар қосымша күш болар?*

– Айта кетер жайт, қол жұмысын атқарушылар көше тазалығына жауапты жұмысшылар. Олардың басым бөлігі елуден асқан жандар десек, оның 70 пайызы әйел адамдар. Соған қарамастан, олар осындай қиыншылыққа түсіністікпен қарап, уақытпен санаспай жұмыс жасауда.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып айтарым, көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдары және аулаларды қар мен мұздақтардан тазалау қала әкімдігінің назарында болып, арнайы техникалар мен жұмысшылар күші ортақ мақсат жолында жұмылдырылуда.

– Әңгімеңізге рахмет.

**Әңгімелескен**
**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

## САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР, ОЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ ЖӘНЕ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ НАЗАРЫНА

2014 жылдың 11 ақпанында сағат 16.00-де Қызылорда облыстық мәслихатының мәжіліс залында «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары мүшелерінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты олардың жаңа құрамын сайлау жөнінде өтетін кеңеске шақырамыз.

**Қызылорда облыстық мәслихатының мекен-жайы:**
**Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 53.**

## ТЕХБАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ ӨЗГЕРДІ

Елімізде көлікті техникалық байқаудан өткізу уақыты өзгертілді. Үкіметтің қаулысына сәйкес, енді жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органға тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері міндетті техникалық байқаудан төменде көрсетілген мерзім бойынша өткізіледі: әр 12 ай сайын – зауыттан шыққанына 7 жыл және одан көп болған көліктер, әр 24 ай сайын – шығарылған уақыты 3-7 жылға дейінгі, 36 ай сайын – шығарылғанына 3 жылға дейінгі жаңа көліктер.

Автобустар, шағын автобустар, таксилер мен жолаушылар тасуға лайықталып жабдықталған жүк көліктері техникалық байқаудан шығарылған уақытына қарамай әр алты ай сайын өткізілуі керек. Қауіпті жүктерді тасуға арналған көліктерге де сондай шарт қойылады.

Жүк көліктері мен олардың тіркемелері шығарылған мерзімі мен меншік түріне қарай әр 12 ай сайын тексеріледі. Бұған дейін шығарылған мерзімі төрт жылдан аспаған жаңа автокөліктерді міндетті техбайқаудан босату көзделген еді. Енді техникалық тексеруден өткізудің уақыты алғашқы техбайқаудан әрі қарай жаңа енгізілген мерзімділік бойынша есептеледі.

Еске сала кетейік, бұған дейін Қазақстанда бірыңғай ақпараттық жүйенің көмегімен 37 мың автокөліктің тексерілгені жария етілген болатын.

**Н.САҒАТҰЛЫ.**

## АҚПАН АЯЗБЕН БАСТАЛДЫ

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды, – деп Абай атамыз айтқандай, қыстың әлегі көп. Тұрақсыз атанған ақпанда кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның қарлы бұрқасыны мен шуақты күндері алма-кезек.

Осындай бұрқасын аязда Қызылорда-Құмкөл тас жолында екі «СЕТРА» автобусы иен далада қалып қойды. Ол Құмкөл кен орнынан Шымкент қаласына қарай шыққан екен. Облыстық ТЖД-ның баспасөз қызметі хабарлағандай, 150 жолаушыны құтқарушылар облыс орталығына жеткізді. Зардап шеккендер жоқ. Авариялық-құтқару жұмыстарына 3 техника мен 12 адам жұмылған.

Сондай-ақ, Қызылорда-Жалағаш тас жолында Өзбекстаннан Ресейге бағыт алған осындай тағы бір автобус бұзылып қалған. Көлік ішінде 90-ға жуық адам болған. Төтеншеліктердің Сырдария аудандық бөлімі көмегімен ғана жолаушы толы автобус алға жылжыды.





Қаңтардың соңғы күндері адасып, қар құрсауында қалған Арал ауданының төрт тұрғынын ТЖМ «Қазавиақұтқару» тікұшағы дер кезінде құтқара алды. Аудан орталығына қарай бет алған ауыл тұрғындары бұрқасында адасып қалып, «Еврокоптер» тікұшағының көмегі арқасында құтқарылды.

Құтқару жұмыстары кезінде «КамАЗ» автокөлігінің жолда тұрып қалғаны да анықталған. Құтқарушылар оларды Құланды елді мекеніне жеткізіп, алғашқы медициналық көмек көрсеткен. Ал ауданның басқа бір бұрышында жолда қалған тағы бір көлік Жіңішкеқұм елді мекеніне бағытталған жолдан табылды. Абырой болғанда, адамдар аман, құтқарушылар дер кезінде жете білген.

Синоптиктердің болжамы да мәз емес, бүгін-ертең қар борап, қайта аяз көтерілмек. Сол себепті, құтқарушылар өңір тұрғындарын уақытша алыс-жақын сапардан бас тартуын сұрап отыр.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**




# БІЛІМ – ҒЫЛЫМНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған әр жылғы Жолдауы Тәуелсіз еліміздің тарихындағы айтулы кезең болып табылады.

Елбасымыздың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауында осыған дейінгі Жолдауда айқындалған 2050-жылға дейінгі стратегиялық бағыттарды жүзеге асырудың нақты тетіктері көрсетілген, егемен еліміздің Әлемнің дамыған 30 елі қатарына енуінің негізгі 15 бағыты бойынша тапсырмалар жүктелген.

«Өрлеу» Біліктілікті арттырудың Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы Жолдауды отаншылдық рухқа, оптимизмге толы, қоғамның әрбір мүшесін тиімді еңбек етуге шақырған терең рухани толғаныс ретінде қабылдады. Елбасымыздың қоғамдық дамудың қалыптасқан, жауапты кезеңінде өз халқына арнаған ой бөлісуі, тілегі деп түсіндік.

Бұл стратегиялық бағдарлама тек қана Қазақстанның дамуын жан-жақты қарастырған құжат емес, ол Әлемдік дамумен астасып жататын, тарихи орнын анықтайтын бағыт болып саналады. Бағдарламада ұрпақтар байланысы мен үйлестігі, жаңа ұлттық сана, мемлекеттік идеологияның қалыптасуы, жастарды жаңа рухта, жаңа көзқараста, жаңа бағытта тәрбиелеу қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болатындығы атап өтілген. Біз соңғы кездері «Ұрпақты тәрбиелеу жағы нашарлап кетті, жастар қайда бара жатыр? Қазақстандық патриотизм қайда?» - дегенді көп айтамыз. Елбасымыз айтқан «Мәңгілік Ел» идеясы осы түйткілдердің шешілуіне жол ашатыны анық. «Мәңгілік Ел» идеясы – болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея.

Елбасымыз өз Жолдауында атап өткендей, «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар». Халқымызда «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» - деген қанатты сөз бар. Қазіргі заманда барлық дамыған елдер білімге, ғылымға барынша көңіл бөлуде. Сондықтан еліміздің де білім беру жүйесінің сапасын Әлемдік деңгейге көтеру міндеті замана талабынан туындап отыр.

2020 жылға қарай Қазақстандағы 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100% қамту жоспарлануда. Жалпы білім беретін мектептерге Назарбаев зияткерлік мектептеріндегідей оқыту деңгейіне жеткізу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқу деңгейінің нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең таңдай алатындығын көрсетіп отыр. Білімнің алға дамуға ұмтылған қоғамның негізгі күштерінің бірі екендігін өмірдің өзі дәлелдеді.

Елбасы Жолдауында айтылғандай, жаңа технологияларды қолданатын, еңбек өнімділігін тұрақты арттыратын, үздік әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істейтін мамандар даярлау басты назарға алынуға тиіс. Ғылыми-зерттеу институттарына да талап күшейтіліп, ел болашағына қажет деген салаларды игеру, қолданысқа енгізу мәселелері орынды көтерілген. «Адам капиталы» ұғымы бұрын тек жеке адамның бойындағы рухани құндылықтармен бағаланып, өлшеніп келсе, бүгінде оған елдің жоғары экономикалық көрсеткішінің бір тетігі ретінде қарайды. Қазір оқу-білім, кемел ақыл және экономика – егіз ұғымдар. Капитал ұғымы қаржы, байлық, ақша, құн мағынасында түсіндірілсе, оқу-білім, ақыл, парасат, ғылым экономика саласына жұмсалса адам капиталы болып шығады. Ғылым мен білімді дамытпайынша, біз адам капиталын дамыта алмаймыз.

Құрылғанына бір жылдан астам уақыт болған «Өрлеу» Біліктілікті



арттырудың Ұлттық Орталығы» акционерлік қоғамында мұғалімдердің біліктілігін арттыру Әлемдік тәжірибе мен мектептердің бүгінгі таңдағы талаптарына сәйкес жаңа технология – Кембридж бағдарламасы бойынша өтуде.

Жалпы әлемдік даму бәсекелестікке негізделген. Шынайы жарыс, адал бәсеке – Әлемнің бейбіт дамуының кепілі. Білімнің сапасы – өмір сапасының негізі. Педагог кадрлардың сапасын арттыру арқылы ғана қазіргі заманғы жаңа деңгейдегі білімге қол жеткізуге болады. Өйткені, білікті ұстаз – кемел білім кепілі. Ал, білім – ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауы екені баршамызға аян.

Елбасы Жолдауында көрсетілген міндеттерді абыроймен орындау – біздің ұрпақ алдында тұрған асыл мұрат!

**Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,**
**«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы облыс бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор.**

---

**Мүмкіндігі шектеулі азаматтар әрдайым мемлекет қамқорлығынан тысқары қалмауға тиіс. Елбасының біздің әрқайсысымыз үшін міндет ретінде алдымызға қойған осы қағидасы бұлжымайтын заңға айналды. Кешегі Жолдауда Мемлекет басшысы бұл мәселені тағы да көтерді. Үкіметтен бастап барлық жергілікті әкімдерге тиісті тапсырмалар берілді.**

# МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН ТЫСҚАРЫ ҚАЛМАЙДЫ

● ӘЛЕУМЕТ



Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Психикалық-жүйке ауруларының интернаты» коммуналдық мекемесі өз өкілеттігінің шегінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Интернат қызметінің мақсаты – қызмет алушыларға үй жағдайына жақындатылған, жасы мен денсаулық жағдайына барынша жақын тыныс-тіршілік жағдайын жасау және қызмет алушылардың жеке дамуына барынша жағдай жасау болып табылады.

Интернатта 226 қызмет алушы бар. Оларға қолайлы жағдай жасауға 200-ден астам қызметкер жұмыс жасайды. Онда жоғары санатты бірнеше дәрігер, мейірбикелер қызмет көрсетеді. Сонымен қатар интернатта алынған ақпараттар мен туындаған әлеуметтік-психологиялық проблемаларды онымен талқылау негізінде психологиялық кеңес беру жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар психологиялық диагностика және жеке тұлғаны тексеру, тексеру нәтижесінде сәйкес қызмет алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес коррекциялық жұмыстар атқарылады. Қызмет алушыларға дереу психологиялық консультация беру, дағдарыс жағдайынан шығу үшін олардың физикалық, рухани, тұлғалық, зияткерлік ресурстарын жұмылдыру, туындаған проблемаларды өздігінен шешу және қиындықтарды жеңуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Психологиялық диагностика нәтижесі бойынша алынған ақпарат негізінде туындаған проблемаларына сәйкес топтар құрылып, белсенді психологиялық ықпал ретінде психологиялық түзету және топтық тренингтер ұйымдастырылады.

Қызмет алушылардың еңбек дағдыларын зерттеп тексеру жөніндегі іс-шаралар нәтижесі ескеріліп, олардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін шектелу дәрежесін, қызмет алушылардың физикалық және психикалық жай-күйін ескеріп, қолжетімді кәсіптік дағдыларды оқыту, тұлғалық және әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар арнайы жабдықталған кабинеттерде жүргізіледі. Қызмет алушыларды еңбекке баулып, іс тігуге, гобелен және тоқыма тоқуға, кестелеуге, құрастыруға, мүсіндеуге, бисермен және түрлі табиғи материалдармен жұмыс жасауға, т.б. үйретеді. Қолөнер бұйымдары көрмелерінде бас жүлделерді иеленіп келеді. Ағаш шеберханасында әртүрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауға үйретіледі. 2013 жылы тігін-тоқымаға – 28, сурет салуға – 9, еңбек шеберханасына – 20, бөлме гүлдерін отырғызуға – 7, аулада санитарлық ағарту жұмыстарына 30 қызмет алушы қатыстырылды. Сонымен қатар, қызмет алушылардың қолөнер бұйымдары қыркүйек айында өткізілген «Біз біргеміз, бәріміз бірдейміз» фестиваліне шығарылды.

Мерекелер мен тынығу іс-шаралары ұйымдастырылады. Клуб және үйірме жұмыстары жүргізіледі. Қызмет алушыларды тынығу іс-шараларына, мәдени іс-шараларға (экскурсия ұйымдастыру, театрға, көрмелерге, концерттер мен басқа да іс-шараларға бару) қатыстырылады. Ай сайын туылған күндері аталып өтіледі. Мереке күндері қызмет алушылардың қатысуымен концерттер өткізіледі.Интернат тұрғындарының қатысуымен «Денсаулық – зор байлық», 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне «Бар ізгілік бір өзіңнен тарайды» және Наурыз мерекесіне орай «Наурыздуман», «Достығымыз жарасқан», «Ұмытылмас ұлы ерлік» атты концерттік бардарламалар өткізілді.

Елбасының «Әрбір қазақстандық азамат арманға қол жеткізе алады» деген қағидасын қатаң ұстанған интернат қызметкерлері қызмет алушыларының мемлекеттің қамқорлығына бөленіп, өздерін қоғамның белсенді бір мүшесі ретінде сезінуі жолында аянбай еңбек етуде.

**Алмат ЖҰМАБАЕВ,**
**облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Психикалық-жүйке аурулары интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.**

---

# АУЫЛДЫҚТАРДЫҢ АРМАНЫН АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫРҒАН «АҚНИЕТ»

Сондай-ақ, бағдарламаға қатысушы аудандар арасында Жалағаш ауданының үлес салмағы жоғары болса, ең көп грант иеленушілер де осы ауданға тиесілі болды. Нақтырақ айтқанда, 77 грант иегерінің 34-і аталған ауданға қарасты ауылдар тұрғыны еді. Аталған бағдарламаның өмірге келгеніне ауыл тұрғындары дән риза. Оны грант иегерлерін әңгімеге тарту барысында байқадық. Мәселен, Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылының тұрғыны Әйгерім Омарова «Ақниет» жеңімпаздарының бірі. Бағдарламаға қатысып, қаржылай көмекке ие болғанға дейін ол жұмыссыз жүреді. Өз кәсібін ашуды қанша ойлағанымен, қолында қажетті қаржысы болмағандықтан тәуекелге бара алмайды.

Сөйтіп жүргенде аталған бағдарламаның өмірге келгені жайлы естіп, оның шарттарына қанығады. Өз бизнес жоспарын ұсынған Әйгерім грант иегері атанып, өзі қалаған ісін бастауға мүмкіндік алады. Бүгінде ол шаштараз ашып, өз кәсібін дөңгелентіп отыр. – Бұған дейін біздің ауылда шаштараз жоқ еді. Осы олқылықтың орнын толтыру менің көптен арманым болатын. «Ақниет» бағдарламасының арқасында арманымды жүзеге асырудың сәті түсті. Өзіме қажетті қаржыға ие болып, соның негізінде шаштараз қызметін жолға қойдым. Құдайға шүкір, кәсібім өзіме ұнайды, тұрақты тұтынушыларым да баршылық. Алдағы уақытта кәсібімді кеңейтуді көздеп отырмын. Осының бәрі облыс әкімінің бастамасымен өмірге келген «Ақниеттің» арқасы. Өзім осы бағдарламаның алғашқы жеңімпаздарының бірі болғанымды мақтан тұтамын,– дейді Әйгерім қуанышын жасыра алмай.

Жоғарыда біз байқауға қатысуда жалағаштықтардың белсенділік танытқанын атап өттік. Сол жалағаштық жеңімпаздың бірі – «Еңбек» ауылының тұрғыны Сардар Исмаилов. Бұған дейін жұмыссыздар қатарында болған Сардарға «Ақниет» бағдарламасы үлкен сәттілік сыйлады. Қолының еп-себі бар жігіт үш баласын асырау қамымен әркімнің бұзылып қалған тұрмыстық техникаларын жөндеп жүрген-ді. Арасында осынысын тұрақты кәсіп етіп, өз шеберханасын ашуды да ойлап қоятын. Бірақ, жоқтық жомарттың қолын байлаған емес пе? Барлығы қаржыға келіп тірелгенде бұл ойы құр қиял секілді көрінетін. Алайда, «Ақниет» бағдарламасы Сардардың қиялының шындыққа айналуына мүмкіндік берді. Өз бағын сынап көру мақсатында байқауға қатысқан ол жеңімпаз атанып, қайтарымсыз қаржылай көмекке ие болды. – Бүгінде өзім қалаған тұрмыстық техникаларды жөндеу шеберханамды ашып, соның жұмысын жүргізіп отырмын. Тоңазытқыш, кір машинасын, тоқ пештерін жөндеумен айналысамын. Көбінесе тоңазытқыштарды орнынан қозғалтуға келмейді, тек орнында ғана жөндеу талап етіледі. Сондықтан келешекте өз көлігіммен ауылдарды аралап жүріп қызметімді ұсынсам деймін. Қажетті бөлшектерді Алматыдан, Шымкенттен әкелудемін. «Ақниет» бағдарламасына алғысым шексіз. Бұл бағдарламаның жүзеге асуына себепші болған аймақ басшысына, «Лукойл» компаниясына үлкен рахметімді айтқым келеді. Бүгінде ауылдастарым менен осы бағдарлама жайлы сұрап келеді, шарттары туралы, қалай қатысуға болатынын білгісі келеді. Білгенімді айтып жатырмын. Бұл бағдарламаның біз секілді қарапайым ауыл тұрғындарына беріп отырған көмегі өте зор деп ойлаймын. Әсіресе, жұмыссыз жандарға үлкен қолдау болмақ. Қарапайым жандарда артық ақша қайдан болсын, қаржысы болмағандықтан кәсіп ашуды тек қиял көретіндер баршылық. Осы орайда «Ақниет» өз кәсібін ашып, кәсіпкерлікті бастаймын деушілерге таптырмас демеуші деп ойлаймын. Сондықтан бағдарламаның ғұмырлы болуын тілеймін. Былтыр облыс әкімі аталған бағдарламаның үстіміздегі жылы да өз жалғасын табатындығын айтқан болатын. Егер байқау жалғасын тапса, қаншама жерлестерімізге көмек болар еді,– деді ағынан жарылып.

Жалағаш кентінің тұрғыны Еркін Нарымбетов те «Ақниет» арқылы қаржылай көмекке ие болып, өзі қалаған кәсібімен айналысып отырғандардың бірі. Ол алған қаржысына музыкалық аппаратура сатып алып, бүгінде музыкалық үйірме ашқан. Үйірмеде әзірге оншақты бала дәріс алуда. Сондай-ақ, тойларға барып, ақылы қызмет көрсетеді. «Облыс әкімінің біз секілді қарапайым ауыл тұрғындарына жасап отырған бұл қамқорлығын ештеңемен салыстыру мүмкін емес. Қаншама жан қайтарымсыз қаржылай көмекке ие болды. Еңбек етем деген жанға мұнан басқа не керек, қандай көмек қажет»,– дейді ол. Сонымен бірге Еркін алдағы уақытта кәсібін үлкейтуді жоспарлап отырғанын да жасырмады.

Талай жанға үміт сыйлап, талайдың арманын ақиқатқа айналдырған «Ақниетке» ауыл тұрғындары дән риза.

1-бет

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

---

# ЫНТЫМАҚ ҮНДЕСТІГІ

**Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының аймақтағы өкілдігі, орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде қала және аудан имамдарының бас қосқан жиналысы болып өтті.**

● ДІН – АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

Онда еліміздің Бас мүфтиі Ержан қажы Малғажыұлының дін саласы қызметкерлеріне міндеттеген бірқатар тапсырмалары талқыланды. Маңызды мәселелердің бастысы ретінде қоғамға іріткі салып, дініміз бен дәстүрімізге жат әрекет жасайтын өзге ағым өкілдерімен сыпайы, сабырлылықпен жұмыс жасау, насихат жұмыстарын жандандырып, көпшілікті бірлік пен ынтымаққа үндеу және қамқорлық акцияларын ұйымдастырып, қайырымдылық іс-шараларын жиі өткізу аталып өтілді.

Жиын барысында алдағы атқарылатын іс-шаралар белгіленді. Өкіл имам Талғат Сейіткәрімұлының ұсынысымен тұрғындармен кездесулер өткізіледі. Соған орай облыстың бас имамы және облыстық мешіттің найб имамы Асқар Жұбанов жетекшілік ететін екі насихат тобы Сыр өңірін түгел аралайтын болды.

Бағыттарын айқындап, атқарар міндеттерін белгілеген топ мүшелері іске қызу кірісіп кетті.

**Жұмагүл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**

---

# ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ҰЖЫМЫ ҮЛЕСІН ҚОСАДЫ

**Кеше облыстық телекоммуникация дирекциясында «Megaline» бастауыш партия ұйымы Елбасы Жолдауынан туындайтын өзекті мәселелерді талқылады. Шараға қалалық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мақсұт Баекеев, облыстық «Нұр Отан» партиясының қоғамдық-саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Қаныбек Әбдуов қатысты.**

«Елбасының «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы қазақстандықтар үшін үлкен бастама болып отыр. Бұл құжатта еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, агроөнеркәсіп кешенін дамыту секілді ауқымды жұмыстардың қарқынды дамуының басты бағыттары көрсетілген болса, Елбасы осы жолда атқарылуға тиіс шаруалардың мәнісін айқындап берді. Әсіресе, екінші және одан кейінгі бесжылдықтарда мобильді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, робот техникасы, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеудің және ашудың негізін салуымыз керек деген болатын. Осы мақсатта біздер жұмыс жасайтын боламыз. Қазіргі күні біздің салада бірнеше бағдарлама жүзеге асатын болса, солардың бірі «Орта білім беру




жүйесін ақпараттандыру» болып табылады. Бұл тұрғыда жоғары жылдамдықты интернетке облыс бойынша 245 мектеп қосылған. Ал, электронды білім беру жүйесінің жобасы негізінде 4-10 Мбит/с жылдамдықпен өткен жылы 52 білім ошағы қосылған. Биыл 65 мектепті қосу жобаланып отыр. Алдағы уақытта Жолдауда айтылған мәселелердің орындалуына біздің мекеме де өз үлесін қосатын болады», - деді облыстық телекоммуникация дирекциясының бас директоры Сәдібек Балтабайұлы.

Мұнан соң жиынға қатысқан «Нұр Отан» партиясының өкілдері сөз алып, «Мәңгілік Ел» идеясы мен Жолдаудың өзге де басым бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ, мекеме қызметкерлері оның ішінде жастар өз ойларын айтып, ел игілігіне істелетін әрбір істе үнемі қолдау көрсетіп, өздерінің күш-жігерлерін аянып қалмайтындықтарын жеткізді.

**Мейрамгүл ОТАРАЛЫ.**

---

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**Қызылорда облысы әкімінің аппараты бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары - жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы (D-2).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 125 564 теңгеден 169 767 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша ҚР Заңдарының, ҚР Президенті Жарлықтарының, ҚР Үкіметі қаулыларының, сондай-ақ, облыс әкімдігі мен әкімінің актілерінің аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдіктерінде, облыстық басқармаларда орындалуын ұйымдастыру және бақылау. Тиісті ақпараттарды басшыларға хабарлау, тексерулер ұйымдастыру. Жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөліміне басшылық жасау. Бөлім қызметшілеріне жүктелген функционалдық міндеттердің орындалуына бақылау жасау. Хаттармен, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жасау.

- **Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- Жоғары заңгерлік, немесе экономикалық, немесе педагогикалық, немесе техникалық, немесе жергілікті мемлекеттік басқару білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

5) жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

6) Ғылыми дәрежесінің болуы. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 карашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қызылорда облысы әкімі аппаратының ғимаратында, 120003, Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 76 үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн аралығында Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 76 үй, №314 бөлмеде қабылданады. Анықтама телефоны: 8 (7242) 26-10-84.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.**

**Халқымызда ұстазды қадірлеудің, құрмет тұтудың сан жылдан бері қалыптасқан дәстүрі бар. "Алты Алаштың баласы бас қосқанда, қадірлі орын – мұғалімдікі" деп Мағжан ақын айтқандай, бар ғұмырын ұрпақ санасына сәуле себуге арнаған ұстаз Жақсылық Жылқышиевті еске алу шаралары Жалағаш ауданының орталығында өтті. Ұстаз еңбек еткен №201 мектепте Жақсылық Жылқышиев атындағы математика кабинеті ашылды.**

# ҰСТАЗДЫҢ ҰЛАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Ж.Жылқышиев соғыстан кейінгі жылдары білім іздеп Алматыға барып, ҚазМУ-дың математика факультетіне түскен. Ел еңсесін тіктей қоймаған қиын шақта жан азығын білімнен тапты. Оқуды бітірген соң елге келіп, жалағаштықтардың бірнеше буынына ұстаздық етті. Оның барлық ғылымдардың бастауы атанған математиканы оқытудағы шеберлігі талай оқушының жолын ашты. Шәкірттері Жақсылық ағайдан алған тәлім өмірлеріне өнеге болғанын айтып келеді.

Рәсімге қатысқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты Қожахмет Баймаханов, облыстық мәслихат хатшысы Бекмырза Еламанов, аудан әкімі Серік Сермағамбетов ұлағатты жан туралы естеліктер айтты. Мектепте жасақталған математика кабинеті пәнді оқытуға арналған құрал-жабдықтармен, оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген.

– Біздің мектепте 5 сыныпта математика тереңдетіп оқытылады. Математикаға бейімді балаларымыз әр жылдары Алматыдағы Жәутіков атындағы физика-математика мектебіне түсіп, аудандық олимпиадаларда жүлделі орын алып жүр, – дейді білім мекемесі басшысының орынбасары Гүлбаршын Шакеева.

Осы күні ұстаз туралы жазушы Бегімбай Ұзақбаевтың "Өнегесімен өркенін жайған"атты кітабын тұсаукесері өтті. Кітаптағы ардагер Қаһарман Табынбаевтың естелігінде мынадай жолдар бар екен. Естелікте "1972-1974 жылдары Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы едім. Шамасы, 1973 жыл болуы керек, аудандық партия комитеті оның орысша сауаттылығын, іске қабілеттілігін ескеріп, қазіргі Бұқарбай батыр ауылындағы қазақша-орысша орта мектепке директорлыққа ұсынады. Бұл қызметті Жақаң шамалы уақыт істеп, аудандық партия комитетіне шағым жазып, мектептегі оқу процесіне кері әсерін тигізетін жағдайлардың орын алуы оқушыларға берілетін білім сапасын төмендететінін ашық баяндап, директорлықтан бас тартты. Жақаңның бұны бүкпей, жауырды жаба тоқымай, ортақ іске зиянын тигізбей, лауазымға қызықпай, ашық айтуы ол кісінің азаматтық мәрттігі еді" делінген. Қысқа ғана сипаттаудан ұстаздың ұлық бейнесі анық көрінеді. Ол өмір бойы осы қасиеттерді өз бойында бойтұмардай сақтады. Ұрпағының, шәкірттерінің санасына ізгілік дәнегін септі.

Еске алу шаралары ұстаздың рухына дұға бағыштауға арналған аспен жалғасты.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

# АУЫЛЫМНЫҢ ЖАҢАША КЕЛБЕТІ

Адам өмірінде кіндігі кесілген мекен киелі саналады. «Туған жер – тұғырым» дейді халық даналығы. Оның қадір-қасиеті туралы айтып тауыса алмайсың. Ауыл – әр адамның бесігі, арқасүйері, балалық шақтың мекені. Атамекенге деген махаббат, атамекенге деген сағыныш ауылдан басталса керек.

«Жүз шайыр елі» деп аталған Қармақшы ауданында Тұрмағамбет ауылында дүниеге келгенміз. Даңқты сүлей Тұрмағамбет және атақты Ешнияз сал мен оның ұрпақтары, Жиенбай жырау мен Рүстембектің ұрпақтары, Күрішші, Социалистік Еңбек Ері Сәлима апамыз, соғыс ардагерлері, көптеген ақындар мекен еткен бұл ауыл – мен үшін құтты қоныс. Тіпті, белгілі ақын Мұхтар Шаханов ауыл тұрғындарымен кездесуге келген кезінде осы ақындардың шығармаларымен танысып, Мәскеуде белгілі ақын Евтушенкоға: «Қазақстанның бір ауылынан 100-дің үстінде ақын-жыршылардың шыққанына куә болдым» деп, біздің ауылымыздан мыншама өнер иелерінің шыққанына таңырқаған. «Әу демейтін қазақ жоқ» дегендей, бұл ауылдың кез келген адамында бір өнер, талант бар.

Иә, ауыл өмірі мектеп өмірімен тығыз байланысты. Мектеп тарихына үңілсек, бұл білім ордасы да Тұрмағамбет ақын атында. Бұл мектеп 1929 жылы құрылған. Ақын атамыздың атындағы білім ордасынан сан мыңдаған түлектер, әр саланың мамандары шыққан.

Қазіргі уақытта ауылымыз бірте-бірте, күннен-күнге құлпырып, дамып келеді. Атап өтсек, ауылымызда 2008 жылы балаларға арналған жаңа қосымша балабақша ашылды. Ауылдық аурухана бұрыннан бері жұмыс істейді. Жастар мен жасөспірім балаларға арнап барлық жағдайы жасалынған спорт алаңы ашылды.

Тұрмағамбет ақынның өмірге келгеніне 130 жыл толуына орай ақын атындағы саябақ бой көтеріді, оның төріне атамыздың кеуделік мүсіні қойылып, жанына ағаштар егілген. Ауыл әкімі Нұрбол Тоғызбаев, «Тұрмағамбет» ЖШС-нің төрағасы Нұржан Пірмантаев ауылды көркейтуге, көгалдандыруға, жарықтандыруға ерекше көңіл бөліп отыр. Түнгі мезгілде ауылымызда қаладағыдай түрлі түсті шамдар жарқырап, ауыл көркін келтіріп тұрады. Шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасалған. Ауыл тұрғыны Жадыра Махамбетова қайтарымсыз миллион теңгеге қол жеткізіп, өзінің бизнестік бағдарламасын құрып, тәтті тоқаштар, торттар, тәттілер, ұн



тағамдарын дайындаумен айналысып, халық алғысына бөленіп жүр.

**Сәния НҰРЛАНОВА.**
Қармақшы ауданы.

# Қызметке конкурс

«Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**1. Құрылыс бөлімінің бас маманы (D-O-4) – 1 орын.**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

бюджеттік бағдарламалар бойынша күрделі құрылысқа бөлінген бюджет қаржысын игерудің құқықтық және қаржылық рәсімдерін уақытында жүргізуге және өз мақсатына жұмсалуына, мердігер мекемелердің әлеуметтік объектілердің құрылыс-монтаж жұмыстарын тиісті дәрежеде орындауына есеп жүргізуге; облыстағы гидротехникалық объектілердің құрылыс жұмыстарының жүргізілу барысына жалпы бақылау жасау; су арналарының дамбаларын нығайту бойынша жүргізілетін құрылыс жұмыстарын бақылау, экономикалық жоспарлау бойынша өкілетті органдар анықтаған әлеуметтік объектілері құрылысындағы бюджеттік бағдарламаларды даярлауға және оны жүзеге асыруға атсалысуға; басқарма арқылы бөлінген бюджет қаржысын әлеуметтік объектілердің құрылысына мақсатты пайдалануының нақты есебін жүргізуге; құрылысы аяқталған әлеуметтік объектілерді пайдалануға беру жұмыстарын ұйымдастыруға; құрылысы аяқталған әлеуметтік объектілерді қабылдап алатын жұмысшы және мемлекеттік қабылдау комиссияларының жұмысына қатысуға және ұйымдастыруға; әлеуметтік объектілері бойынша орындаған құрылыс жұмыстары үшін мердігер мекемелер мен инжинирингтік компанияларға атқарған жұмыстарының ақыларын дер кезінде төлеуді қамтамасыз ету жөнінде тиісті жұмыстар атқаруға; әлеуметтік объектілердегі атқарылған құрылыс жұмыстары бойынша ай сайынғы және тоқсан сайынғы есептер мен ақпараттарды, жиынтық мәліметтерді даярлауға; бөлім басшысы арқылы орындауға берілген жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді заңдылықтарға сәйкес дер кезінде қарап, тиісті жауаптарды мезгілінде жолдауға міндетті.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- жоғары техникалық білім (инженер-құрылысшы немесе сәулетші немесе гидротехник).

- мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі техникалық (инженер-құрылысшы немесе сәулетші немесе гидротехник) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексін, Құрылыс Нормалары мен Ережелерін, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

**2. Экономика және жоспарлау бөлімінің бас маманы (D-O-4) 1 орын.**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын объектілер бойынша министрліктермен нысаналы трансферттер бойынша келісімге отыру; облыстық бюджеттен қаржыландырылатын объектілер бойынша қала, аудан әкімдіктерімен кредиттік шартқа отыру; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын объектілер бойынша министрліктерге нысаналы трансферттер бойынша жартыжылдық, жылдықаралық есептемелер беру; бюджеттік бағдарламалар бойынша күрделі құрылысқа бөлінген бюджет қаржысын игерудің құқықтық және қаржылық рәсімдерін уақытында жүргізу және өз мақсатына жұмсау; тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытынды келісім-шарттарына сәйкес мердігер мекемелердің орындаған жұмыстарына сәйкес қаржыландырып отыруды іске асыруға; басқарманы қаржыландырудың шығыс сметасы мен жобаларын жасау; басқарманың бухгалтерлік қызметіне жататын бюджеттік классификациясы коды бойынша бюджеттік бағдарламалар жобаларының Төлқұжаттарын даярлауға; бекітілген нысандар бойынша есептемелерді мезгілінде беріп отыруды іске асыруға; бөлім бойынша бақылаудағы құжаттардың орындалуына және бөлімдегі құжат айналымына бақылау жасауға; бөлім басшысы арқылы орындауға берілген жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді заңдылықтарға сәйкес дер кезінде қарап, тиісті жауаптарды мезгілінде жолдауға міндетті.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- жоғары экономикалық немесе бухгалтерлік есеп немесе қаржыгерлік білім;

- мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық немесе бухгалтерлік есеп немесе қаржыгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексін, Құрылыс Нормалары мен Ережелерін, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығын білуі және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерін білу.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Конкурс «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

**Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер** оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының құрылыс басқармасының ғимаратында, **120001, Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы, № 1** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы, № 1 үйде тапсырылады. Анықтама телефондары 8 (724-2) 30-71-20, 40-06-30**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының құрылыс басқармасының конкурстық комиссиясы.**

## ● ДҮБІРЛІ ДҮНИЕ

### ҚЫТАЙ: ӨНДІРІСТЕ ІРКІЛІС БАР

**Қытайдың өндірістік секторындағы жағдай нашарлай бастады. HSBC Holdings және Markit Economics мәліметтері осыны дәлелдеп отыр.**

Қытай өнеркәсібіндегі іскерлік белсенділікті сипаттайтын индекс төмендеп, 50 пунктті құрады. Қаңтар айында өндірістік сектордағы сатып алулар жөніндегі менеджерлер индексі 49,5 пунктті құрады. Алдын ала мәліметтер индекстің 49,6 пунктке дейін төмендегенін көрсетті.

Бұл көрсеткіш осы секторда белсенділіктің төмендегенін білдіреді. Бұл фактор әлемдегі көлемі бойынша екінші экономиканың баяулағанының дәлелі. HSBC зерттеулері бойынша, ол индекс көлемінің баяу өсуі мен жаңа экспорттық тапсырыстардың қысқаруына байланысты төмендеді.

### УКРАИНА: ШЕРУДЕН КЕЛГЕН ШЫҒЫН КӨП

**Киевтегі наразылық шаралары барысында келген шығын 2,5 млн. долларға жетіп жығылды. Бұл туралы Утро.ру сайты Украина астанасы мэрінің бірінші орынбасары Анатолий Голубченкоға сілтеме жасап хабарлады.**

Оның атап өтуінше, наразылық шаралары барысында Грушевский көшесіндегі бірқатар ғимараттар өртеніп, Ғашықтар көпірі, Мариин және қала саябақтарындағы ағаштар отқа оранған. Бұдан бөлек, негізінен наразылық акциялары өткен көшелердегі жол жабындылары толығымен жойылып кеткен. «Бүркіт» бөлімшесіне қарсылық таныту барысында шерушілер қолына түскенді қиратып, қаланың келбетіне нұқсан келтіріпті.

«Барынша оптимистік болжамдарға сәйкес қаланы қалпына келтіруге бірнеше апта уақыт керек. Ал алдағы уақытта қаланың залал шеккен мәдени нысандарын бағалау міндеті тұр», - деді А.Голубченко.

### ФИЛИППИН: ҚЫРЫҚ АДАМ ҚАҚТЫҒЫС ҚҰРБАНЫ БОЛДЫ

**Филиппинде әскерилер мен лаңкестер арасында орын алған қақтығыстан 40-қа жуық адам қаза тапты. Бұл туралы 24.kz хабарлады.**

Филиппиннің Магинданао провинциясында жүргізіліп жатқан арнайы операция кезінде қарулы қақтығыс басталған. Үкімет әскерилері екі күнде содырлар жасырынған 3 лагерьге шабуыл жасап, 37 лаңкестің көзін жойды. Операция барысында 1 сарбаз қаза тауып, 7-і жарақат алған.

Қарулы күш өкілінің айтуынша, олар экстремистерге қарсы ұрыс жүргізіп жатыр. Полковник Эрмосо бүлікті лаңкестер шығарғандығын алға тартты. Олар әскери базалардың біріне шабуыл жасап, төтенше жағдай туғызған екен. Осыған байланысты басталған арнайы операция кезінде осы маңайдағы 10 мың адам баспанасын тастап, қауіпсіз жерге көшуге мәжбүр болды.

Деректерге сүйенсек, Филиппинде 40 жылдан бері жалғасып келе жатқан қақтығыстардан 150 мың адам қаза болған.

### МЫСЫР: ЖАРЫЛЫС ЖАЛҒАСУДА

**Бейсенбі күні кешке Мысырда екі жарылыс болды. Жергілікті БАҚ таратқан ақпарат бойынша, алғашқы жарылыс Александриядағы полиция участкесінде орын алған, зардап шеккендер жоқ, деп хабарлайды ИТАР-ТАСС.**

Солтүстік астанада «Мұсылман ағайындар» одағы мен жергілікті тұрғындардың арасында қақтығыс болды. Қауіпсіздік күштері төбелесіп жатқандарды тоқтату мақсатында көз жасаурататын газ қолданған. Бір адам өлтірілді. Белгілі болғандай, солтүстік астанадағы исламшылдардың өңірлік бюро басшысының 28 жастағы ұлы «Мұсылман ағайындардың» қолынан қаза тауып отыр.

### ТҮРКИЯ: СИРИЯ СОДЫРЛАРЫНА СОҚҚЫ БЕРІЛДІ

**Түркия әскерилері «Ирак және Левант ислам мемлекеті» аталатын экстремистік топ содырларының автоколоннасына оқ жаудырды, деп хабарлайды РОСБАЛТ Reuters агенттігіне сілтеме жасап.**

БАҚ-тың хабарлауынша, әскерилер Түркия аумағында миномет снаряды жарылғаннан кейін Сириямен шекаралас жатқан жерде содырларға қарсы оқ атқан. Атыстан автоколоннадағы джип, жүк көлігі және автобус өртеніп кетті. Экстремистік топ өкілдері де қарап қалмай атыспен жауап берген. Бірақ қақтығыстан қанша адамның қаза тапқаны жайлы мәлімет жоқ.

## Жарамсыз деп есептелсін

Жилкибаев Серик Айтмагамбетовичтің атына Қызылорда қаласы, Әл-Фараби ауданы, 500 кварталы, №2 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-016-1414, №0106398) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Садықұлы Темірханның атына Қызылорда қаласы, Абылхаир хан көшесі 101 үйге берілген салынып біткен жеке меншік үйлерді қабылдайтын мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі (№34 10 март 1992 жыл) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Шалабаев Панабек Даулетжановичтің атына №2 Арал кәсіптік лицейін «Ауылшаруашылық электр құралдарын жөндеуші электромонтер» мамандығы бойынша 2006 жылы бітіргені жөнінде берілген №0375843 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Абилдаев Галымжан Конырбаевичтің атына Қызылорда қаласы, Титов ауданы, 1 кварталы, №56 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-013-746), техпаспорты, 23.05.2007 жылғы сатып алу-сату келісім-шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## Азаматтық іс қозғалды

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 24.01.2014 жылғы ұйғарымымен «Интер Строй Альянс-Кызылорда» ЖШС-н банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 А үйде қабылданады.

«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының ұжымы телеарнаның қызметкері Тапалова Әсемкүл Өмірзаққызына әкесі

**Тапалов Өмірзақтың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің басшылығы мен ардагерлер кеңесінің төралқасы осы ұжымның ардагері

**Серікбай Төлегеновтің**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТ ЕДІ, ҚАСИЕТІ МОЛ ЕДІ



Сыр бойын түлетіп, туған топырағын арымен қорғап, жанымен сүйген тағы бір асыл ер бұл фәниден озды.

Ардагер аға, еңкейгенше елім деп өн-бойындағы өнегелі қасиеттерін, аталық мұратын ұрпағына сіңірген ұлағатты ақсақал, Сырдария ауданының құрметті азаматы Төлеген Дүйсебекұлы арамыздан кетті.

Ол 1929 жылы 25 наурызда Сырдария ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келген. 1941-1943 жылы соғыс кезінде колхозшы, 1944 жылдан 12 жыл мұғалім, Айдарлы, Аманкелді колхоз, совхоздарында 25 жыл бастауыш партия ұйымының хатшысы, 6 жыл ауылдық кеңес төрағасы болып жан аямай еңбек етті.

Отан алдындағы адал еңбегі бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тың игерудің 50 жылдығы», тағы да басқа медальдарымен марапатталған.

Қазақстанның 50 жылдық тойында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың, ал Қазақстанның 70 жылдық мерейтойында Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын алған, облыстық кеңес атқару комитетінің мақтау грамоталарымен марапатталған.

Бірнеше рет аудандық кеңес депутаты, 1971-1973 жылдары аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған. 1983 жылдан бастап облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Жарықтық Төлеген Дүйсебекұлы мінезге бай, көкірегі алтын көмбедей ауылының аса қадірлі қарты болды. Оның есімі туған жұртының жүрегінің төрінен орын алып, ұмытылмақ емес, ұлықтала бермек.

Жатқан жерің жаннат болғай, Алла мәңгілік жайыңызды жарық қылып, алдыңыздан жарылқасын.

**Сырдария ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

**Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы (Е-R-4).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты әкімшілік мемлекеттік қызметкердің лауазымдық жалақысы 56375 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Аудандағы ішкі саясат мәселелері бойынша бағдарламалар жасауға қатысу, қоғамдық-саяси және мәдени іс-шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру, мемлекеттік органдардың осы саладағы жұмысын үйлестіру, аудандағы қоғамдық-саяси және мәдени іс-шаралардың өткізілуін саяси қамтамасыз ету. Аудан көлемінде ішкі саясат бағдарламаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу. Орталық және облыстық сайлау комиссияларының нұсқау тәртібіне байланысты шаралар кешенін жүзеге асыруға тиісінше аудандық сайлау комиссиясымен бірлесе жұмыс жасау. Көрнекі үгіт-насихат құралдарының эскиздерін дайындау, орналастыру жұмыстарын бақылау. Мемлекеттік жастар саясатына байланысты мемлекет пен жастар ұйымдарының өзара байланысын ұйымдастыру. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуде конкурстық комиссия құжаттарының тиісті заң талаптарына сәйкес жүргізілуін жүзеге асыру. Ішкі саясат саласындағы мемлекеттік және облыстық бағдарламалар мен мемлекеттік нышандарды насихаттау жұмыстарын үйлестіру. Қазақстан-2030 жылға дейінгі даму стратегиясы мен Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауларын насихаттау жұмыстарын және ақпараттық-насихаттық топтардың қызметтерін үйлестіру. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдіктерінің қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

Жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу.

**Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:**

Жоғары гуманитарлық, педагогикалық немесе заңгерлік білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі гуманитарлық, педагогикалық немесе заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

**Конкурсқа ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:**

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың кадр қызметі куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар және рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы хабарландырылады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде **«Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120400, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №60 үй** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі. Конкурс комиссиясы әңгімелесуден өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, оның аяқталғанынан кейін бес жұмыс күн ішінде хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, 60-үй, 2-қабат, №7 бөлмеде қабылданады. Анықтама телефондары: 8 (7 24 38) 22-6-25, 23-3-59 email: info@kzl.orda.gov.kz**

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**Қазалы ауданы әкімінің аппараты.**

## ЕЛ ЖАДЫНДА САҚТАЛАТЫН БІР ЖАҚСЫ



Өмірдің өткінші екендігін білдіріп, ортамыздан тағы да бір азамат ақтық сапарға аттанды.

Осы жылғы 2 ақпанда Алматы қаласында тұратын жерлесіміз, Қазалы топырағының төл перзенті Талант Жалпақбайұлы Нұрмағанбет мезгілсіз дүние салды.

Т.Нұрмағанбет 1958 жылы Қазалы ауданы, Аранды ауылдық кеңесінде өмірге келген. Қазақтың ауыл шаруашылығы институтын, Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетін бітірген білікті маман еңбек жолын Қазалы ауданындағы №86 жылжымалы механикаландырылған колоннада механик болып бастады. Мұнан соң мехколоннада, аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінде жұмыс жасап, техникалық жөндеу кәсіпорнының директоры, «Агросервис» кооперативі төрағасының орынбасары, «Агроөнеркәсіп техника» бірлестігінің бас инженері, «Қазалы» ЖШС директоры секілді бірқатар басшылық қызметтер атқарған. Қазалы ауданы әкімі аппаратының шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бөлім меңгерушісі, «Қазалы жарығы» консорциумы президенті, «Қазалы жарығы» ассоциациясының президенті және «Даймонд-Групп» компаниясының облыс бойынша даму және инвестиция жөніндегі аймақтық директоры болды. Соңғы жылдарда Қазалыдағы «Ер-Нұр» сауда базарының құрылтайшысы болған ол халықты нарықтық кезеңнің тығырығынан шығару жолында тынбай еңбек етті.

Талант Жалпақбайұлы ізденімпаз, уақыт талабымен санаса білетін іскер азамат еді. Ол еліміз егемендік алған алғашқы кезеңдерден бастап кәсіпкерлік тізгінін ұстады және мұны жұртшылыққа насихаттай білді. Асыл азаматтың талапкерлігі мен еңбекқорлығы елдің есінде.

Біз Талант Жалпақбайұлының отбасы мен жақын-жуықтарының ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Бақұл бол, аяулы азамат!

**Бір топ жолдастары.**

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

# Гүл қауызына жазылған хаттар

**Жерлесіміз, жас ақын Динара Мәлік есімі өлеңсүйер ортаға жақсы таныс. Жиырма жасында-ақ алғашқы жыр жинағын көпке ұсынып үлгерген ақын қыздың поэзия пернесінен өрілген күй-жыры көңіл тебірентерлік.**



Жақында облыс әкімінің қолдауымен А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде жас талант Д.Мәліктің «Жазушы» баспасынан жарық көрген жаңа кітабының тұсаукесеріне арналған «Гүл қауызындағы хаттар» деп аталатын шығармашылық кеші болып өтті.

Жыр кешінің ашылуында облыс әкімінің орынбасары А.Әлназарова сөз алып, туған жердің рухани байлығына жүрек сөзін қосып жүрген ақын қызға ақ тілегін арнады. Облыс әкімдігінің атынан сияпат жасап, ықылас гүлін тарту етті.

Ақынның туған топырағы жалағаштықтар атынан аудан әкімінің орынбасары Қ.Мұстафаева, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы облыстық филиалының төрайымы Қ.Есімсейітова кеш иесіне ыстық ықыластарын білдірді.

Қалалық мәдениет бөлімінің өнерпаздары мен Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрының әртістері ақын өлеңдерін оқып, жас кеуденің бейнесін ашты. Әнші-сазгер Ә.Өміров ән жолдады.

Дүниеден кеше ғана өткен поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың соңынан ерген бір топ сіңлілері, қазақ өлеңіне өзіндік үн қосып жүрген ақын қыздар – Қ.Омарова, А.Арыстанбек, Т.Толқынқызы, С.Смағұлова, Н.Бердіқожа ақын құрбыларына арнап жыр шашуын шашты.

Кеш көрерменге асқақ сезім, сергек ой сыйлады.

**Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.**

# Сырдың сырлы әлемі



Қызылорда қаласындағы №140 орта мектепте жергілікті ақын-жазушылармен «Сырдың сырлы әлемі» деп аталған әдеби-сазды кездесу кеші өткізілді. Кездесу кешіне белгілі ақын-жазушылар – Әскербек Рахымбекұлы, Дүйсенбек Аяшұлы, Толқын Қабылшаева шақырылды. Кеште мектеп директоры Г.Қоңырбаева сөз алып, ақын-жазушылардың шығармалары оқырманды сезім шуағына бөлеп, ой тереңдігімен парасатқа баулитындығын, көркем келістілігімен, өзіндік нақыш өрнектерінің молдығымен ерекшеленетінін атап айтты. Ақындардың өлеңдері жырға жаны құмар жас ұландардың орындауында тыңдалып, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шығармашылық өкілдерінің өмір жолы мен еңбектері таныстырылды. Оқушылар ақындарға сұрақ қойып, сұхбаттасты.

**Эльмира ДОСЫБАЙ.**

## АЯЗ БОЛАДЫ

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда гидрометеорология орталығы 2014 жылдың 3-4 ақпан күндері Қызылорда облысы бойынша ауа температурасы түнде 27-32 градусқа дейін төмендейтінін хабарлап отыр.

Осыған байланысты, облыстық төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындарына қауіпсіздікті сақтау шараларына баса назар аударуды ескертеді.

**Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.**

ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЕСІМДЕР

# ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕГІ ӨРІС ЕҢ...



«Әркімге өзінің туған жері Мысыр шаһары» – дейді дана халқымыз. Әлбетте, қандай бір қиын мекенде туып өссе де жүрегінде иманы, кеудесінде оты бар адам осылай айтары хақ! Мысалы, айтыс өнерінің ақтангері, абыз атамыз марқұм Әбілхан Маханов Теңіз-анамыз арнасынан асып, байлығы тасып жатқан кезінде өзінің «Аралым – айдын шалқарым!» атты жыр-толғауында туған жердің табиғи байлығы мен рухани байлығы туралы, оның еңбек ерлері мен дарынды ұл-қыздары туралы мақтана жырлап «Аралым менің осындай, өнер мен дәулет қонған жер» – деп бар әлемге паш еткен жоқ па?!

Осындай қайсыбір киелі мекен болмасын, өзінің ерен ерлері мен дарынды ұл-қыздарымен құнды да көрікті екені рас. Айдынды Арал өңірін сөз еткенде әріге бармай-ақ, кешегі шалқар шайыр Нұртуғаннан, дүлдүл жыраулар Бітімбай, Жаңаберген, Жаппарберді, Кәрібоз, Дәріқұлдан, құдіретті күйшілер Қазанғап, Шалмырзадан, дауылпаз ақын Зейнолладан, бүгінгі сөз сүлейі Әбдіжәмілден бастау алған қаншама өнер мен мәдениет майталмандары көз алдыңа келіп тұра қалады.

Ал кезінде есімдері бүкіл Одаққа мәлім болған Төлеген, Ұштап, Нарғали сынды он алты Еңбек Ерлеріміз бастаған даңқтыларымыз өз алдына бір шежіре. Олардың бәрін моншақтай тізіп шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес.

Мені толғандырып қолыма қалам алғызған, бойына жоғарыдағы аталған дарындардың бұлағынан бір-бір тамшы да болса да дарыған, атақты Нұртуған шайырдың жұрағаты, Әбілхандай абыздың шәкірті, рухани дос-інім марқұм Бекұзақ Тәңірбергеновке деген сағыныштың сазды әсері.

Иә, алдында үлгі тұтар ардағың – ағаларың тұрса нұрын шашып. Артында сенім артар арманың – інілерің тұрса жырын қосып. Онда өрісіміз кеңейіп, өнеріміз өркендеп, мәдениетіміз мәуеледі дей беріңіз! Қайран Бекұзақ! Туған жеріміздің рухани байлығы – өнер мен әдебиет әлемінің өркенді бір көшін бастауға лайық сенім артқан сан қырлы дарынды інім едің... Әттең, ауыр сырқат ізіңнен қалмай ақыры алып тынды.

Бекұзақ Жақсанұлы Тәңірбергенов 1958 жылы Арал ауданы, Октябрь ауылдық кеңесінде малшы-шопанның әрі өнерлі отбасында дүниеге келген. Жастайынан әкесі Жақсан домбыра тартып, ән-жыр айтуды үйреніп өскен. Есейе келе, өз жанынан өлең шығарып мектеп, ауыл сахналарында өнер көрсете бастады. Аудандық көркемөнерпаздар байқауларында жүлделі орынға ие болып жүрді. Ұзамай талантты жас аудандық мәдениет үйіне қызметке тұрып сан қырлы өнерпаз екенін танытты.

Ол азамат ақындығымен қатар әрі сазгер, әрі әнші, әрі домбырашы, әрі термеші, әрі тамаша актер болатын. Соның ішінде ол суырыпсалма ақындығымен оза шығып, тез арада қалың жұрттың ыстық ықыласына бөленіп, көзайымына айналды.

1987 жылы облыстық ақындар айтысына қатысып алдыңғы орынға ие болды. 1988 жылы Алматыда өткен тұңғыш Наурыз мерекесіндегі Республикалық ақындар айтысында сынға түсіп, жүлделі орындарды жеңіп алды.

Ал, Алматыда (1988 ж.) өткен республикалық телеайтыста бас жүлдені жеңіп алып аудан, облысымыздың мәртебесін биіктетті. Оның теледидар арқылы орындаған өзінің «Арал туралы толғанысындағы»:

«Аралдың табанынан су кеткенмен,
Халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ!»

– деген екі ауыз жалынды жыры бүкіл тыңдаушы көрермендерді тебірентіп қол соқтырды. Қазір бұл екі ауыз жыр Арал жұртшылығының қанатты сөзіне айналып кетті. Бекұзақтың тез арада осындай сүбелі жетістіктерге жетуіне өзінің тума талантымен қатар, өзі айтқандай бабасы Нұртуған шайырдың, әкесі Жақсан жыршының әсіресе ұстазы – айтыстың ақтангері Әбілхан Махановтың шығармашылық ықпалы зор болды. Ол елімізге белгілі айтыскерлер мен ақын-жазушылар – Махамбетқали Тұрсанов, Замаддин Ибадуллаев, Ниятолла Раманқұлов, Серік Ыдырысов, Лена Әбдіхалықова, Асқар Кіребаев, Әнес Нарымбетов, Мешітбай Құттықов, Оңталап Нұрмаханов, Жетіскен Мәкеналиев, Едіге Кішкенеев, Серік Сейітмағанбетов, Толыбай Абылаев, Айжарық Сәдібеков, Сарбұлақ Ибрашевтармен, т.б. жақсы қарым-қатынаста болды.

Менің Бекұзақпен етене жақын сыйласып аға-іні болып кетуіміз 1983 жылдан басталған-ды. Сол жылы Ленинск (қазіргі Байқоңыр) қаласында ашылған телевидениенің «Үкілі хабар» бағдарламасынан ұстаз Ә.Маханов бастаған жыршы-термешілер Сұраған Мырзаев, Бекұзақ Тәңірбергенов, Рысбек Әшімов Нұртуған мектебінің атынан өнер көрсетіп, жырсүйер көрерменді елең еткізіп «жырау» деген теңеулер шыға бастады. 1983 жылдың күзінде олармен етене танысу мақсатында кешегі Нұртуған шайыр бастаған дүлдүл жыраулардың соңғы текті тұяғы, ұстазым Сапаров Үмбетәлі жыраумен бірге үйіме шақырып дастархан жайып, қонақ еттім.

Жыр жырланып, күй төгіліп дегендей, думанды кешке айналып жүре берді. Әуелі Сұраған, сосын Бекұзақ, онан соң Рысбек алма кезек жыр төгіп, ән салып бір рахат сезімге бөлендік. Соңынан қолқалап сұрауымызбен Үмбетәлі жырау Нұртуған, кердері Әубәкір, Дәріқұлдың терме-толғауларын әртүрлі мақамдармен түрлендіре жырлап біздерді тәнті етіп тамсандыра түсті. Үмекең бізге бір мақаммен кез келген терме-жырларды айта беруге болмайтынын, әр жырдың мазмұнына сәйкес мақамды да өзгертіп айтып отырса, тыңдаушыларына жақсы әсер етіп, одан әрі тыңдап құмарта түсетінін, ол үшін жалқаулыққа салынбай, тоқмейілсінбей үнемі ізденіп, үйреніп отыру керектігін айтты.

– Жалпы, жыраулық өнер үш сатылы өкілден тұрады. Бірінші, әр ақынның терме-жырларын теріп айтатынды «термеші», терме-жырлардан бастап үлкен дастандарды жырлайтындарды «жыршы» дейді. Ал «жырау» деп, әріге бармай-ақ кешегі Жаңаберген, Жаппарберді, Кәрібоз, Дәріқұл, Жәмет сынды әрі ақын, әрі сазгер, әрі әнші, әрі домбырашы, әрі шежіреші, сөзге шешен сан қырлы туабіткен дарынды тұлғаларды айтамыз. Әрине, жыраулық дәрежеге жету үшін көп шығармашылық ізденіс керек. Сендердің орындаушылық шеберліктерің, талант-талаптарың жақсы екен. Тек құрғақ айқайға бара бермеңдер. Әр жырдың мазмұнына, мақамына сай ырғағын келтіріп, тербетіп айтуға машықтаныңдар. Сосын әр мақамның бастауы мен қайырмасына мықты болу керек. Бұл жөнінде Сұраған балам төселіп қалған жыршы екен. Рысбек баламның даусы зор, қай орамға да салатын түрі бар. Ал Бекұзақ баламның әншілігі мен ақындығы басым екен. Айналайындар, жыраулық өнер жолындағы талаптарың оң болсын! Тек ішімдік пен тоқмейілсінуден сақ болыңдар! – деп батасын берген.

Осы тәлімді кештен бастап мен оларды рухани өмірдегі болашақ көшбастар өресі биік інілерім санап көңілге медеу тұттым.

Әсіресе, Бекұзақтың жан-жақты өнері мен оның адам танитын ақжайлау бауырмалдығы баурап алып жақын сыйлас-достықта аға-іні болып кеттік.

Ал дарынды үш тұлпар інім киелі өнер жолындағы түрлі облыстық, республикалық, халықаралық бәйгелерден оза шауып, туған еліміздің мәртебесін көтере бастады.

Әттең, әлі де талай сын кезенде жүлде салар үш тұлпарымыздың үшеуінен де осы бүгін көз жазып қалып отырмыз. Аллаһтың жазуына не шара?! Білдірмей жабысқан ауыр сырқат әуелі 1993 жылы 36 жасында Сұрағанды, ал 2002 жылы 44 жасында Бекұзақты алып тынды. Енді міне... екеуінің орнында көз жұбанышы болып жүрген Рысбектен де айырылдық. Осы биыл қос саңлағының артынан жоқ іздегендей ол да кетті.

Тұлпар болар тай тұлпарға қарап бой тартып өседі ғой. Бір таңғаларлығы Бекұзақтың болмыс-мінезі, кедергілі қиын тағдыр жолы өзі ерекше қадір тұтатын дос, ақын ағасы Серік Сейітмағанбетовке ұқсас келетін. Екеуі де аштығын да, тоқтығын да білдірмейтін нағыз бөрімінезді азаматтар қалпында өмір сүрді. Екеуі де ауру-сырқауға бой бермей, кіршіксіз таза ақын көңілін сәл шаң басса сыралғы «шөлбасар сусынмен» тазартып шабыттанатын. Киелі өнерді серік етіп, жүрген ортасын шат-думан көрік етіп, елдің еркесі, топ бастаған серкесі болып өтті өмірден. Серік те мұрагер кенже ұлы Асқарды Аллаһтан ұзақ тілеп алған болса, Бекұзақ та кенже ұлы Ұлықбегін Аллаһтан тілеген-ді. Жаңагүл келін Ұлықбекті дүниеге әкелгенде Бекұзақ інімнің қуанышында шек болған жоқ. Перзентханамен екі ортада жүгірді де жүрді. Біз де менің зайыбым Базар екеуіміз перзентханаға барып көрімдігімізді беріп, құттықтадық. Перзентханадан шығарда мәшинемізбен үйіне әкеліп қуанышына ортақтастық. Бұл қуаныш болашақ шаңырақ иесі атқамінер ұрпақтың дәстүр тойларына ұласты. Сонда Бекұзақ пен Жақсыгүлдің ұсынысымен кішкене Ұлықбектің мен атасы, Базар әжесі болып атанып кеттік. Ұлының болашағынан жақсы үміт еткен Бекұзақ атын Ұлықбек деп өзі қойды. Ұлықбек ес біліп ер жете бастағанда бұл үміті тілек-жырға ұласты. Өзінің 2001 жылы шығарып үлгерген «Дүние, саған не дейін?» деп аталатын жинағындағы Ұлықбекке арнаған жырында:

Кездеседі небір білгіш, «ақылды»,
Аулақ тіккін олардан сен шатырды.
Адалдық пен шындық болсын серігің,
Ұлықбек деп неге қойдым атыңды?! –

деп ұлына зор әкелік сенім артады.

Кішкентай Ұлықбектің аяғына мініп сөйлеп, жүгіріп кеткенінен бастап қасына ертіп жүретін. Кейде демалыс күні ата-әженің үйі деп ертіп әкеліп бізге сәлем бергізетін. Біз Ұлықбекті құшақтап сүйіп мәз-мейрам болып қаламыз. Әжесі ас қамдап, тәттілерін қойып дастархан жаяды. Сосын Ұлықбектің өнерін тамашалаймыз. Әкесі Бекұзақтың үйреткен шағын өлеңін, анекдоттарын айтып, бізді күлкіге қарық қылады. Әжесі әр орындаған өлеңдеріне, анекдоттарына ақшалай сыйлық беріп мәре-сәре болып, соңы жыр мен күйге ұласып, әрең ажырасамыз.

Бекұзақ туралы еске алсам, оның мына бір қимас қылығы көз алдыма келіп тұра қалады. Шамасы 2001 жылдың күз айы болуы керек. Бір күні кеште Бекұзақ үйге келіп мені құшақтап: «Аға, мен шаршаңқырап жүрмін. Бүгін бір өзіңмен еркін әңгімелесіп, сырласып, әніңді, күйіңді тыңдайын, сосын қасыңа өзіңді құшақтап жатып қонып шығайын деп келдім ұлықсат болса» – деп қиылып тұр. Мен ұшып тұрып тебірене: «Оу, айналайын сұңқарым! Ұлықсат сұрағаны несі, ағаңның үйі – өз үйің, өлең-төсегің емес пе? Кел, кел!» – деп құшақтап төрге шығардым. Базекең де дереу дастархан жайып, қазанға ет салып қонақжайлығын жасады. Дәмді астан соң екеуміз бір оңаша бөлмеде еркін отырып сыр-сұхбатымызды бастадық. Бекұзақ көбіне өзі сөйлеп, өзі бастап отырды. Сондағы оның көп айтқаны – киелі өнердегі әттеген-айлар, бұралаңы көп өмір, ондағы шынайы және күндікшіл достар туралы толғаныстар болды. Кейде өзінің жан-жары Жаңагүл, қыздары Гүлмира, Мөлдір, сүйікті ұлы Ұлықбегі жайында мақтана айтып отырды. Әсіресе, мұрагері Ұлықбегінің болашағынан үлкен үміт күтетінін, өйткені оның өнер мен әдебиетке, оның ішінде поэзияға өте жақын екенін қуана айтты. Арасында маған да келелі сұрақтар қойып, жауабымды ынтамен тыңдап отырды. Маған домбырамды ұсынып күйімді, ән-жырымды ұйып тыңдап, өзі де Нұртуғанның, Зейнолланың, өзінің шығармаларын орындады. Әсіресе, Мұқағали ақынның «Фаризаға» деген мұңды толғауын тебірене орындағанда мен де қосыла тебірендім. Сонымен ел жата бастаған сыр-сұхбатымыз таң біліне әрең аяқталды. Бекұзақтың өтінішімен салынған төсекте құшақтасып жатып түс ауа бір-ақ тұрдық.

Осы оқиға еске түскенде «қайран Бекұзағым, өрелі өміріңнің қысқа екенін, мына фәни дүниеден мәңгі-бақи дүниеге аттанар сапарыңның жақын қалғанын сезіп бой жазып жүр екенсің ғой» – деп толғанамын.

Дегенмен, шүкір Аллаһқа! «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі!» – деп данышпан Төле би бабамыз айтқандай, Ұлықбек айналайын нағыз атаға тартып туған ұл болды. Бекұзақтың көрегендігі бар екен. Әкенің дарыны жұғып жалғасын тапты, арман-тілегі орындалды.

«Адам ұрпағымен көрікті», «Ұрпағы жақсы өлмейді!», «Ақынның хаты өлмейді!» – деген осы. Сен осындай ұрпақтарыңмен, жалынды жырларыңмен жасампазсың! – Бекұзағым, бекзадам.

**Мұрат СЫДЫҚОВ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.**

# Қызылордалық КТК ойыншылары – жыл үздігі

**«Қазақстан КТК (КВН) Одағы» аймақтағы ең үздік филиал мен премьер лига чемпионын анықтады. Көңілділер мен тапқырлар клубының ойыншылары «Тұңғыш Астана» құрамасы премьер лига чемпионы атанса, аймақтағы бөлімшелер ішінен «Қызылорда КТК» филиалы 2013 жылдың үздігі атанды!**

«Қызылорда КТК» филиалы, қазақ тілі мен қазақтың ұлттық дәстүрлерін сақтауды мақсат еткен ұйым. Ұйым салауатты өмір салтын қалыптастыруды, жастардың интеллектуалды қабілетін жүзеге асыру және олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал жасап келеді.

Былтыр көктемде аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы облыстың белсенді жастарымен кездесу барысында «Қызылорда КТК» филиалы өкілдері, “Жайдарман” сайыстары өткізілетін мәдениет ошақтарының жалға алу құнын төмендетуді сұраған болатын. Облыс басшысы сала мамандарына тапсырма беріп, нәтижесінде барлық ойын өткізілетін орындарды тегін алуға мүмкіндік берді.

Аймақ басшысы қолдауының арқасында «Қызылорда КТК» бөлімі әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мақсатында әр Жайдарман ойындарында сатылған билеттерден түскен қаражатты республикалық ойындарға қатысу шығындарына және «балалар церебральды параличімен» (ДЦП) сырқаттанатын балаларға қаржылай көмек көрсетіп отыр.

Бүгінгі күнге дейін 500 КТК ойындары ұйымдастырылып, жұмыстардың жүйелі жүргізілуі нәтижесінде жарық жұлдыздар тәрбиеленді. Көптеген жастарды өзіне баураған КТК қозғалысы жастардың сүйіп тамашалайтын ойындарына айналды. «Қызылорда КТК» филиалы құрылған уақыттан бері «Сыр Елі» республикалық лигасы, облыстық жоғары, премьер және мектеп лигасы, аудан чемпионаттары секілді жобаларды іске асыруда. Филиалдың қазіргі таңда облыс бойынша жеті жүзге жуық ойыншысы, бес мыңнан астам көрермені бар.

«Қызылорда КТК» бөлімшесі осы жобаларды үстіміздегі жылы да жалғастыруды көздеп отыр.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

СПОРТ

**Қызылорда қаласындағы «Мұз айдыны» спорт кешенінде шайбалы хоккейден бөлімше ашылды. Оған жаңа бапкер тағайындалды.**

## Шайбалы хоккейден шеберлігін шыңдайды

Ендігі кезекте жергілікті жасөспірімдерге хоккейдің қыр-сырын білікті бапкер Талғат Әкімжанов үйретеді. Шығыс Қазақстан облысының тумасы 2006-2008 жылдары Алматы қаласының «Достық», 2009-2011 жылдары Астана қаласының «Барыс», 2011-2013 жылдары Ақтау қаласының «Каспий» және «Мұнайшы» хоккей клубтарында аға жаттықтырушы қызметтерін атқарған. Ол шайбалы хоккейден ҚР спорт шебері, 1989 жылы жасөспірімдер арасында КСРО чемпионы болған. Сондай-ақ, 1991 жылы жасөспірімдер арасында ТМД елдерінің чемпионы, 1992-1994 жылдарда Өскемен қаласының «Торпедо-2», 1999-2004 жылдарда. Астана қаласының «Барыс» шебер командасында ойын көрсеткен. Ересектер арасында Қазақстан чемпионатының 2 дүркін күміс жүлдегері болған.

## Шаршы алаңдағы сайыс

**Облыс орталығында орын тепкен Жалаңтөс баһадүр атындағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің оқушылары арасында бокстан облыс біріншілігі аяқталды. Облыс біріншілігінде Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен барлық аудандардан 108 спортшы бақ сынады.**

1997-1998 жылдары өмірге келген жасөспірімдер арасындағы төрт күнге созылған жекпе-жектер қорытындысы бойынша 14 салмақ дәрежесінде жеңімпаз және жүлдегер командалар анықталды. №1 Қызылорда облысының олимпиадалық резерв мектебі 8 медальға (6 алтын, 1 күміс, 1 қола) қол жеткізіп, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды №17 Қазалы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі 7 медаль (2 алтын, 3 күміс, 2 қола) алса, үшінші орын №15 Қармақшы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне бұйырды.

Жарыстың бас төрешісі Сәбит Сейілов «Бұл облыс біріншілігі облыста бокс спортының дамуына, жасөспірімдердің шеберлігін шыңдауға септігін тигізеді. Былтырғыға қарағанда жасөспірімдердің жарысқа қатысу қарқыны жоғары. Біріншіліктің қорытындысы бойынша маусым айында екі жылда бір рет өтетін ҚР мектеп және колледж оқушылары арасында Спартакиадаға қатысатын Қызылорда облысының құрама командасы жасақталды» дейді.

**Әділ ТАЛАП.**

ДЕГЕН ЕКЕН...

# АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

**Бүгінде көнекөз қариялар мен өз замандас-тұстастарының тауып айтқан ұтырлы сөздерін де жинап жүретіндер баршылық. Ауыл айтқыштарының «Қызыл кітабынан» небір қысқа да нұсқа айтқан әңгімелерін көптеп кездестіруге болады.**

**Бүгін біз ауыл айтқыштарының бірнеше әңгімелерін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.**

### ...Бір гәп бар

Бірде жергілікті ақын, сол кездегі «Арал» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы Сағынай Ешекеновтың үйіне сыйлас ағасы Жаппар телефон шалып, оны мерекемен құттықтайды. Жаппардың құр қол келмейтінін, қалтасына бір шөлмек сала келетінін Сағынай сезсе керек.

Біршама уақыттан кейін Жаппар да жетеді. Екі-үш жолдасымен шай ішіп отырған Сағынай қасында отырған серіктеріне есіктен кіре берген Жаппарды нұсқап:

«Мынау келіп тұрған Жаппар,
Мұның жүрісінде бір гәп бар.
Ал енді мен айтты дерсіңдер,
Қалтасында бір шыны ақ бар», – деген екен.

Қалтасында шөлмегі жоқ Жаппар жалт бұрылып, сыртқа шығады да бір шөлмек алып қайтып келген екен.

### Малым – жанымның садақасы

Ертеректе аудандық ауруханада ұлты кәріс Геннадий Трофимович Ким деген хирург жұмыс істеді Ол қазақша судай сөйлейтін.

Бір күні оның кезекшілігі кезінде хирургия бөліміне соқырішегі асқынып кеткен бір қойшы келіп түседі. Сырқатты операция столына жатқызып, оған наркоз беруге дайындала бастаған Ким:

– Ақсақал, қобалжымаңыз. Құдай сәтін салса, қазір-ақ соқырішегіңізді сылып тастаймын, – дейді.

Пышаққа түсу кім-кімге де оңай дейсіз бе? Пышағын жалаңдатып, қасына жетіп келген Кимге қарап, әлгі ақсақал:

– Айналайын, жанымды әуелі құдайға, сосын өзіңе тапсырдым. Осыдан жаным аман қалар болса, бір семізісекті байладым босағаңа, – дейді ғой баяғы қазақшылыққа салынып.

Мұндай сәтті елеусіз жібере бермейтін Ким:

– Ойпырмай, аға, мына наркоздан кейін бір ісекке оянбай қаласыз ба деп қорқамын, – десе керек.

Әлгі кісі:

– Ойбай, қарағым, «Малым – жанымның садақасы», бердім тағы бір қойды, – деген көрінеді.

### Қарыздан құтылып келем ғой...

– Сағитжан деген інім менен қысқа мерзімге деп 180 мың теңге қарыз алған, – дейді Бауыржан деген ағамыз.

Бес ай өткен соң інімнен «Айналайын-ау, ақшамды қайтармаймысың?» деп сұрағанмын.

– Ағасы-ай, сәл-пәл мұрса берсеңізші, – деп қоймаған соң, «жарайды» деп келісім бергенмін.

Арада алты ай өткен соң тағы сұрадым. Інім қиналыс білдірді.

– Ау шырағым-ау, қарыз қайда, соның 50 мыңы құрысын, 130 мыңын тауып берсең болар, – дедім.

– Енді бір-жар ай мәуліт беріңіз, – деп өтінген соң, араға тағы алты ай салып:

– Қатты қиналып жүрсең 30 мыңы да құрысын, 100 мың берсең болар, – дегенмін.

– Ай, аға-ай, адамның жанын алып біттің ғой, қарызымнан жөй-жөй құтылып келем ғой. Сізден алған 180 мыңның 100-ақ мыңы қалды емес пе? – демесі бар ма.

**Е.АҚҚАЛИ.**
Қызылорда қаласы.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Таралымы 25063
Тапсырыс № 99